



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

## «БВ01715 Ұйғыр тілі мен әдебиеті -тарих»

### БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Көпмәдениетті, коммуникативті, педагогикалық саладағы міндеттерді шығармашылықпен және кәсіби түрде шеше алатын ұйғыр тілі, әдебиеті және тарих мұғалімдерін дайындау; ұйғыр тілі, әдебиеті және тарихын тереңдете оқыту; патриоттық рух негізінде ҚР халқы достығын және әр түрлі мәдениеттерді, салт-дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.

### КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

- білім беру (педагогикалық);
- ғылыми-зерттеу;
- әдеби-шығармашылық;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық;
- өндірістік-басқарушылық;
- әдеби кеңесшілік.

# ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

**ОН1** – ұйғыр тілі, әдебиеті және тарих пәндерінен игерген білімдерін әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде қолданады, академиялық адалдық мәдениетін сақтайды;

**ОН2** – меңгерілген ақпаратқа сүйене отырып, тіл мен әдебиет және тарих бойынша білімді практикада қолданады, зерттеу қызметінде академиялық жазылым ұстанымдарын ескереді;

**ОН3** – оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту, шығармашылыққа ұмтылдыру, проблемаларды бірлесіп шешу дағдыларын қалыптастыру мақсатында ғылым жүйесіндегі ұйғыр тілі мен әдебиеті және тарихтің қазіргі жағдайын, орны мен құндылығын талдайды;

**ОН4** – ұйғыр тілі, әдебиеті және тарихті оқытуда АКТ және сандық білім беру ресурстарын пайдалана алады және одан әрі оқуды өз бетінше жалғастырады;

**ОН5** – ұйғыр тілі, әдебиеті және тарих пәндерінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламаларындағы дағдыларды және оларды қалыптастыратын оған оқу мақсаттарының маңызын түсінеді;

**ОН6** – этномәдени және конфессиялық айырмашылықтарды, қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымының ерекшеліктерін, ұлттық тәрбиенің заңдары мен қағидаларын ескере отырып, көп мәдениетті ортада кәсіби қызметті ұйымдастыру тәсілдеріне ие;

**ОН7** – командалық қызметте, тұлғааралық қатынастарда, тиімді жұмыста коммуникативтік құзыреттілікті көрсетеді;

**ОН8** – оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттеріне, оқушылардың күтілетін нәтижелері мен физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес инновациялық технологияларды пайдаланады;

**ОН9** – ұйғыр тілін оқытудың интербелсенді әдіс-тәсілдерін, инновациялық технологияларын меңгереді, педагогикалық тәжірибеде орынды қолданады;

**ОН10** – тіл мен әдебиет салаларын оқытуда педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерді меңгереді, кәсіби өсу жолында өзінің білім траекториясын құрастырады;

**ОН11** – ұйғыр әдебиетінің тарихын, теориялық мәселелерін және даму бағыттары мен үрдістерін біледі және көркем шығарманы талдауда қолданады;

**ОН12** – қазіргі тарих ғылымының негізгі мәселелерін, бағыттары мен үрдістерін меңгереді, педагогикалық тәжірибеде орынды қолданады.